




СЕКТАЛАР МЕН АРБАУ

МАНИПУЛЯЦИЯЛАРДАН
ЖӘНЕ СЕКТАЛАРҒА КІРУДЕН
ҚОРҒАНУ ТУРАЛЫ





СЕКТАЛАР МЕН АРБАУ

Манипуляциялардан және секталарға
кіруден қорғану туралы

Безендірген
Сапаров Мухтар

Астана
2023

УДК 159.9
ББК 88.1
С 28

*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық психикалық
денсаулық ғылыми-практикалық орталығымен ұсынылған*

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясымен ұсынылған

Автор: Айтмухамбетов Е.А.

Секталар мен арбау. Манипуляциялардан және секталарға кіруден қорғану туралы. – Астана: «Bilim Foundation» КҚ, 2023. – 40 б.

ISBN 978-601-7638-61-0

«Секталар мен арбау. Манипуляциялардан және секталарға кіруден қорғану туралы» кітабында ата-аналардың, басқа беделді адамдардың немесе құрдастардың түрлі діни экстремистік топтарға тартуы жағдайында жасөспірімдердің өзіне көмек көрсету және қауіпсіздік сұрақтары психологиялық тұрғыда қарастырылған. Сондай-ақ жасөспірімді түрлі секталарға, жалған психологиялық тренингтерге тарту кезіндегі ықтимал манипуляциялар сипатталған. Ұқсас жағдайлардың алдын алу бойынша психологиялық ұсыныстар қарастырылған.

Кітап жасөспірімдерге және олардың ата-аналарына арналған. Қосымша тәжірибелік нұсқаулық ретінде мектеп психологы қолдана алады.

УДК 159.9
ББК 88.1
С 28

ISBN 978-601-7638-61-0

© *Bilim Foundation* корпоративтік қоры

Кітаптағы ақпаратты қолдану кезінде кітапқа сілтеме көрсету міндетті.

Барлық құқық авторларға тиесілі, құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз кітаптағы ақпаратты және объектілерді көшіру, тарату немесе басқа мақсатта қолдануға тыйым салынады.

МАЗМҰНЫ

Қымбатты оқырман!	6
Неге келгенімді ұмыттым	7
Психолог жазбалары	19
Кешіріңіз, мен асығыспын	21
Психолог жазбалары	27
Бөгде өмір.....	29
Психолог жазбалары	36
Авторлар мен безендіруші туралы	39

Қымбатты оқырман!

Жетілмеген өмір жағдайлары эмоционалды ыңғайсыздық пен әлеуметтік мазасыздыққа соқтырады. Бұл адамның саналы түрде де, бейсаналық жағдайда да, өзіне қолжетімді барлық көздерден қолдау мен ресурстар іздеуіне ықпал жасайды.

«Неге келгенімді ұмыттым» эпизодында кейіпкер өзіне бұрын артық көрінген нәрсеге, яғни діни экстремистік ұйымға назар аударып, қызығушылық танытты. Олар әртүрлі мәселелерден, нашақорлықтан, алкогольге тәуелділіктен, депрессиядан және басқаларынан арылуға көмек пен қолдау ұсынды. Эпизодтың кейіпкері ұйымға қосылды. Бірақ оның ата-анасы және жақын достары оны оқшаулау арқылы сол ұйымның ықпалынан алып шықты.

«Кешіріңіз, мен асығыспын» эпизодында кейіпкер өзінің қателіктерін талдап, өзінің бұрынғы сәтсіздіктерінің қателігін түсініп, үйіне бара жатады және бұл үшін қатты қапалы болады. Осы сәтте ол сыртқы жағдайларды бақылай алмайды, өйткені қалың ойға батып кеткен еді. Осылайша эпизод кейіпкері бірнеше секундтың ішінде діни экстремистік ұйымға тартудың басты назарына ілігеді. Бірақ кейіпкер дер кезінде есін жинап, тағдырын манипуляция мен жағымсыз қысымнан сақтап қалды.

«Бөгде өмір» эпизодында кейіпкер өзінің армандамаған және өзі жоспарламаған өмірді қалай сүргенін есіне алады. Барлығы өзі қалаған сценарий бойынша басталғанымен, діни экстремистік ұйым мүшесімен байланыс жасаудың зардаптарына төзуге мәжбүр болады. Дін мәселелерімен айналысатын мамандандырылған мемлекеттік мекемелердің дер кезіндегі қызметі және олардың қыздың өміріне уақытылы араласуы арқасында қызды зомби жағдайынан алып шығуға мүмкіндік пайда болды.

Шешім қабылдаудың маңызды тәжірибесін жинақтау кезінде орын алған эпизодтар оның жеке тұлғалық даму мәселелерін қарастыруға көмектеседі.

Неге келгенімді ұмыттым

Бұл туралы айту өте қиын әрі қайғылы, мен осы жолды бұрын жүріп өткендіктен, енді оны ешқашан ұмытпаймын. Өзімнің немқұрайлығымның салдарынан жіберген қателіктерімді ешкім қайталамағанын қалаймын. Енді бәрі жақсы аяқталған соң, мен үшін өте қиын сәтте бірігіп, көмектескен отбасыма және жақын достарыма алғыс айтқым келеді.

Барлығы ұсақ-түйек нәрселерден басталды, әдеттегідей интернеттен түрлі видеоларды қарап отырып, бір жарнамаға тап болдым. Әдетте мен оны бірнеше секундтан кейін үнемі өткізіп жіберетінмін, бірақ бұл жолы соңына дейін көргім келді. Ол видеода барлық адамдарға көмектесу, өзара қолдау мен адамның ақиқат жолы тура-



лы біраз нәрселер айтылды. Басқа уақытта болса, мүмкін бұған мән бермеген болар едім, бірақ дәл сол сәтте көңіл-күйім болған жоқ. Колледжде емтихандарым нәтижесіз болды, жоқ жерден ата-анаммен ұрсысып қалдым және осының бәрінен өзімді алыстатқым келді. Жарнама аяқталған соң көрсетілген сайт бойынша кіріп, көбірек мағлұмат білейін деп шештім. Шамамен жарты сағаттай осы сайтта отырып, оның әртүрлі іс-шараларды ұйымдастырумен айналысатын қандай да бір ұйым, жалпы айтқанда, үлкен қайырымдылық жоба екендігін білдім.

Азаматтарға қолдау көрсетумен қатар, ол жерге әртүрлі діни жазбалардағы сұрақтарға жауап іздеп жүрген адамдар жиналады екен және олардың барлығын ортақ сенім біріктіреді. Осы адамдардың барлығы қиын тақырыптағы кез келген сұраққа жауап беруге дайын сияқты көрінді. Бірақ олардың нашақорлықтан, алкогольдік ішімдіктерден қалай құтылғанын және дұғалар арқылы депрессияны қалай жеңгендерін баяндайтын видеоларын көріп, пікірлерін оқығаннан кейін, сұрақтарым көбейіп кетті.

Сонымен қатар олар жасөспірімдердің мінез-құлқы туралы, осы жазбалардың көмегімен діннің мәні мен әлемді танып білудің қандай артықшылықтары болатындығы туралы әңгімелер айтты. Мен мүлдем келіспеген сәттер болды және мен бұл адамдардың қателескенін дәлелдеуге дайын болдым, мүмкін олар адамдарға көмектесуге тырысып жатқан шығар, бірақ кейбір сенімсіз фактілерді ұсынуы дұрыс емес еді. Мен олармен жеке сөйлесіп, өз көзқарасымды түсіндіріп, осы қоғамдастыққа өзімнің шындығымды дәлелдеп, қателіктерін көрсеткім келді. Мен дәлелдей алатыныма және олардың мені тыңдайтынына сенімді болдым, сондай-ақ бұл ұйым және оның мүшелері туралы көбірек білгім келді.

Бірнеше минуттан кейін мен олардың веб-сайтына өзімнің жеке деректерімді толтырып, олардың маған хабарласуы үшін байланыс нөмерімді қалдырдым. Бір-екі минуттан кейін мен қалдырған поштаға жауап хат келіп түсті, онда осы ұйым мүшелерінің келесі кездесуінің мекен-жайы мен уақыты көрсетілген екен. Менің осы адамдар мен олардың ізбасарларының ізгі ниеттеріне еш күмәнім болмады және олар мені тыңдап, ұйым қызметін жетілдіре түседі деп үміттендім.

Секталар мен арбау

Кездесу уақыты кешке белгіленді, сондықтан мен сабақтарым аяқталған соң жиналысқа асықпай бардым. Бастапқыда маған осындай көлемдегі ұйымның іс-шаралары үлкен аудиторияларда емес, қандай да бір пәтерлерде өтетіні біртүрлі болып көрінді.

Бірақ кейіннен маған олардың кездесулеріне қатысатындардың барлығы бірнеше топқа бөлінетіндігі және адамдардың жиналуы осындай шағын бөлмелерде өтетіндігі және мұның бәрі сабақтардың тиімділігін арттыру мақсатында жасалатындығы түсіндірілді. Бұл себеп ақылға қонымды естілді, онымен қоса, бұл бюджеті шектеулі қайырымдылық ұйым болатын, сондықтан маған бұл пәтерлердің барлығы осы ұйымның тәжірибелі және тұрақты мүшелеріне тиесілі сияқты болып көрінді.

Кішкентай бөлмеге сегізге жуық адам жиналды, оның үшеуі ақ жейде мен бас киімде отырды, меніңше, бұлар іс-шараны ұйымдастырушылары болса керек. Барлығымыз амандасып, қонақ бөлмесіндегі кішкене үстелдің айналасына жиналды. Кенеттен біршама кеш болғаны және ата-анама кешігетінімді ескертуім керек екені есіме түсті, бірақ қырсыққанда телефонның қуаты нөлге жетіп қалыпты. Телефон қосулы болған күннің өзінде бірдеңе жазып алуға мүмкіндігім болмас еді, өйткені ұйымның екі жігіті іс-шараның басында барлық телефондарды жинап алып, беті жақсы жабылатын үлкен қорапқа салып қойды. Бұл бізді сыртқы тітіркендіргіштерден қорғаудың әдісі болатын. Мен бұған дейін де маңызды іс-шараларда жүргізушінің ойын мәнсіз қоңыраулармен алаңдатқанын немесе кейбірінің телефонды дыбыссыз режимге қоюды ұмытып кеткенін көргенмін.

Ақыры, кездесу басталып, мәселелерді талқылаудың уақыты келді және бірінші болып бір ер адам сөз сөйледі, ол, шамасы, жиналғандардың ішіндегі ең құрметтісі еді, өйткені ол басқаларға не істеу керегін үнемі айтып отырды және сабақ басталғанын жариялады. Сондай-ақ маған бәрінің біршама тыныш және мойынсұнғыш болғаны, бұйрық бойынша бәрі өз орындарын иеленгені біртүрлі болып көрінді, мүмкін маған солай сезілген шығар. Бұл аса маңызды емес еді, өйткені мен сұрақтарымды қойып, өз пікірімді тезірек айтқым келді. Міне, менде осындай мүмкіндік пайда болды:

Секталар мен арбау

- Бауырлар мен әпкелер, сіздердің мұнда жауап іздеп, шындық пен білім алу үшін келгендеріңізді білемін, сондықтан сұрақтарыңызды қойыңыздар, ұялмаңыздар, бүгін бәріңіз өзекті мәселелер бойынша сұрақтарыңызға жауап аласыздар.

Мен сұрақтарымды қою үшін екі қолымды да көтердім, ер адам менің тарапыма қарай бұрылып, өзінің қолын көтерді. Бұл оның маған сөйлеуге құқық бергендігінің белгісі деп ойладым, бірақ аузымды ашқаным сол еді, ол ақырын ғана қолдарын төмен түсіріп, сөзін жалғады:

- Сабырлы болыңыз және асықпаңыз, барлығыңыз сөйлейсіздер, мен сіздердің сұрақ қоюға асығып отырғандарыңызды түсінемін, сіздер оны бәрінен де маңызды деп санайсыздар, бірақ негізінде олай емес. Жаратушының алдында бәріміз бірдейміз және әрқайсымыз тең құқылымыз, сондықтан жақын жандарға төзімділікпен қарап, біреудің



Секталар мен арбау

алдын орап өтуге тырыспаңыз. Біз қазір тыныш және жайбарақат жерге келдік, сіз өзіңізді сыртқы әлемнен, оның қарбаласынан және шуынан аулақ ұстауыңыз керек, мұнда ешқандай бәсекелестік жоқ, сондықтан бұл үйлесімділікті бұзбайық және тыныштықты қалпына келтірейік. Қазір бәріңізді тынышталып, хош иісті шөптерден демделген шайды ішуге шақырамын.

Осы сөздерден кейін бөлмеге екі шәйнек пен кеселер көтеріп екі жігіт кіріп келді, олар тездетіп бәріне шай құйып, бас тартқандарға су берді. Әркімнің ішетін өз сусыны болды және бұл өте орынды еді, өйткені бөлме іші тар болған соң, тамағым қатты құрғап, шөлдеп кеттім. Мен бірінші кеседегі шайды жылдам ішіп қойып, бірден тағы құйып беруін сұрадым, олар қуанышты жүзбен тағы құйды. Шай өте дәмді болды және бөлменің қапырық атмосферасымен үйлесімділікте еркінсітіп, демалдырды, мен жартылай ұйқылы күйге ендім, бірақ ұйықтамадым және өзімді өте жақсы, яғни суық еденде емес, бұлттар арасында ұшып жүргендей сезіндім. Екінші кесені соңына дейін аяқтамадым, шөлім қанды, көп ұзамай бас жүргізуші тағы да сөйлей бастады. Оның дауысы енді маған өте әуезді және жағымды болып естілді, оны тоқтаусыз тыңдағым келді.

Қанша уақыт өткенін білмеймін, шамамен жарты сағат уақыттай, ол бізді позитивті толқынға, сабырлыққа және әртүрлі философиялық тақырыптарға дайындады. Кезек сұрақтарға келгенде мен не сұрағым келгенін мүлде есіме түсіре алмадым, бұл мен үшін енді маңызды емес еді.

Мен өміріміздің мәні туралы сұрадым, өзімнің барлық мәселелеріммен бөлістім, ата-анаммен болған арадағы кикілжің, колледждегі мәселелер және достарыммен болған жанжалдар туралы айтып бердім. Жиналғандардың барлығы мені қолдады, өздері де осындай мәселелерге кезіккенін және өздеріне қатты қажет болған түсіністікті тек осы жерден тапқанын айтты. Оларды тыңдаған маған ұнады, мен дін туралы көптеген жаңа нәрселерді, қиын сәттерде көмектесетін түрлі дұғалар туралы білдім. Олардың кейбірін сабақ үстінде үйрене бастадық және бұл менің көптеген мәселелерімді шешуге көмектесті. Тым құрығанда, мен сол кезде айналамда болып жатқан оқиғаларды осылай қабылдадым және сезіндім.

Уақыт байқалмай зырғып өте шықты, мен кенеттен сабақтың аяқталғанын естідім, жүргізуші бәрімізге келесі кездесу одан да қызықты болатынын, онда біз бұдан да ұйымшыл бола түсетінімізді, жүрегімізді азаптайтын ойлардан тазарып, бір-бірімізден нағыз аға мен әпке табатынымызды айтып уәде етті. Осыдан кейін ол әрбірімізге жаттауымыз керек болған қасиетті жазбалар мен тағы бірнеше дұғалар жазылған шағын кітапшалар таратты және мен қазірден бастап келесі сабақты асыға күттім. Осыдан кейін көпшілігі жуынатын бөлмеге кетті. Мен де олардың қатарында тұрдым, өйткені көзім ілініп бара жатты, ағынды су астында көзімді жуып, аздап сергіп алғым келді.

Үйге келген соң мен тез бөлмеме кіріп, ұйықтап кеттім, жан-жағыма қарауға да күшім болған жоқ, тіпті уақытқа да қарамадым, есімде, далада қараңғы болып қалған еді, мен үйге кеш келген болсам керек. Ата-анам бұған аса көңіл аудармады, өйткені мен көбіне қосымша сабақтар үшін мектепте кешке дейін қалып кететінмін, олар мені содан қатты шаршады деп ойлады. Одан кейінгі бірнеше күн байқалмай өте шықты, осы уақыт ішінде мен ұйымдағы келесі кездесуге дайындалып та үлгердім. Келесі кездесулерде біз барлық қатысушылармен жақыннан таныстық және азды-көпті өзімізге осы ұйымдағы өкілеттіктерді бөлу туралы идея құрдық. Сонымен, біздің жеке топ жетекшіміз болды және ешқандай жағдайда оның бұйрығына бағынбауға жол бермедік. Мұны бәрінің қатаң қадағалағаны соншалық – маған тіпті кез келген қателік немесе бағынбау ұрып-соғу арқылы қатаң жазаланатын сияқты көрінді. Мүмкін, маған солай көрінген шығар, өйткені олар үнемі физикалық азап шегу арқылы сіз өзіңіздің ерік-жігеріңізді жақсартып, адамның санасына ақиқатты жеткізе аласыз деп үнемі қайталайтын. Қысқасы, мен ол жерге барған сайын, осы ұйымның біртұтас орталығы және бүкіл әлемдегі алып желі туралы аңыздарға сендім және барлық тапсырмалар орталықтан жіберіледі, ережелер де сол жерде анықталады деп ойладым. Ешқайсымыз ұйымның шынайы масштабын білген жоқпыз.

Осы кездесулердің барлығы қысқа мерзім ішінде маған қатты әсер етті. Менің миым бәрімізді бір ой біріктіретінін, әрқайсысы бір-бірін бақылап отыратындығын ғана қабылдады. Бізді сөзсіз

мойынсұнушылық пен ортақ пікірлесу жағынан қатаң қадағалады. Ақыры мен шынайы әділеттілік үшін күресетін адамдарды таптым, сол жерден ерлікке деген құмарымды қандырдым және барлығын бір сағаттың ішінде ретке келтіруді армандадым. Біртіндеп мен олардың алға қойған ортақ мақсатына нық сенімді бола бастадым: жақын арада бүкіл әлем түбегейлі өзгереді, жаңа үкімет құрылып, заңдар жасалады, яғни әрбір адам жақсы әлемде қайта туа алады және барлығы біздің қолымызбен жасалады деген ойда болдым.

Мен бірте-бірте осы ұйымның көшбасшысының және мүшелерінің сеніміне ие бола бастағанда, олар менімен өздерінің көлемді жоспарлары жайында бөлісе бастады. Кейбір іс-әрекеттер өте радикалды және әртүрлі жарылыстармен байланысты болғандықтан, мен оларды террористік әрекеттер деп санадым, сөйте тұра, мұның бәрін жоғары әділеттілікке жету жолындағы қажеттілікпен ақтап алуға тырыстым. Менің басымда көшбасшының сөздері қайталана берді: «Құдіреті күшті Құдай бізге бәрін кешіреді, біз барлық адамдар үшін қатігездік пен өтірікке толы дүниенің күлін көкке ұшырып, жұмақ жасадық». Ұйымның жоспарын мен ешқашан даулаған емеспін және көшбасшының пікіріне де қарсы шықпадым. Бізге алдыға қойған мақсатымыз орындалатындығы туралы әрдайым еске салып отырды.

Біздің кездесулеріміз жиілей бастады, мен ұйымның әрбір кездесуіне қатысу үшін колледждегі сабақтарымды өткізіп алуға мәжбүр болдым, өйткені хабарсыз кеткендер үшін қатаң жаза да болды және мен ұйымның құрметті мүшесі болғым келгендіктен, мұндай жағдайға жол бере алмас едім. Ол кездері мен бірінші курсты аяқтап жаттым және алдымнан көптеген емтихандар күтіп тұрды, осы нәтижелерге сәйкес менің болашақ білімім мен колледждегі әрі қарайғы оқуым шешілетін еді. Бірақ оларды ойлауға мүлдем уақытым болмады. Ата-анам мен достарым менімен сөйлесуге тырысқан сәтте мен үндемей ғана әңгімеден қаша бердім. Мен олардан алшақтай бастадым, өйткені мені кез келген уақытта қолдайтын бауырларым мен әпкелерім пайда болған еді.

Бірде мен үйге кеш оралдым, ал әкем менімен байсалды түрде сөйлесу үшін күтіп отыр екен:

- Санжар, тоқта, бізге дұрыстап сөйлесу керек.

- Әке, дәл қазір менің сөйлесуге уақытым жоқ, қатты шаршадым, ертең ерте тұруым керек.

- Ешқандай сылтау қажет емес, бізге қазір сөйлесу керек. Алдымен айтшы, осы уақытқа дейін қайда болдың?

- Оның сізге қатысы жоқ, – дедім мен. Ата-анама шындықты айтқым келмеді, өйткені олардың мұның бәрін түсінетін жаста емес екендіктерін білдім. Осы іс-әрекеттерім және колледжге бармағаным үшін ұрсады және ешқайда баруға рұқсат етпейді деп қорықтым.

- Сен менің ұлымсың, сондықтан бұл маған да қатысты, шын мәнінде, сенің қай жерде болғаныңды және не істеп жүргеніңді білемін. Анаң екеуіміз сенің бөлмеңнен жазбалар, мекенжайлар, бірнеше дұға кітапшалары мен парақшалар тауып алдық.

- Менің заттарымды ақтаруға сіздерге кім рұқсат берді! Мені жалғыз қалдырыңыз, не істеу керегін өзім білемін және менің істеріме араласудың қажеті жоқ.

- Сенің достарың маған бірнеше күннен бері колледжге бармағаныңды айтты, ал бізбен сөйлесуді мүлдем қойдың. Сен өте қауіпті адамдармен байланыс орнатқансың. Оның жастарды алдап-арбап қатарына қосатын заңсыз лаңкестік ұйым екенін білдік. Олар сен сияқты адамдарды пайдаланады, өйткені сенің жасыңдағы жігіттер мен қыздар олардың ықпалына бейім келеді.

- Менің бауырларым туралы олай сөйлеме! – дедім мен.

- Сенің ондай адамдармен қалай байланысып қалғаныңды түсінбеймін, өйткені сен өзің бізге ғаламтордағы сақтық жайында, олардың өз веб-сайттары арқылы арбайтындығы туралы айтып едің ғой. Оның үстіне, сен олардың қауіпті адамдар екендігіне көптеген дәлелдер келтіре алатын едің.

- Бұл өтірік! Олар ешқандай да қауіпті емес, біз біртұтас болашаққа сенеміз, сіз мені түсінуіңіз керек, өйткені өзіңіз де діндарсыз.

- Бұл жай сандырақ, Санжар, есіңді жи, бұл адамдардың дінге еш

Секталар мен арбау

қатысы жоқ, олар тек діннің атын пайдаланады, олардың қасиетті мәтіндері де ешбір дінмен байланысты емес, ол жерде бір сағаттың ішінде барлығын жайластыру деген утопиялық арман жазылған. Олар жоспарланған жалпыға бірдей бақыт сарайына адамдарды таяқпен айдап кіргізу идеясымен өмір сүреді. Мұндайлар қысқа мерзім ішінде адамдардың қайта туылатынына сенеді және өздерін әлемде жаңа заң құруға қабілетті, билік жасауға құқылы санайды. Сен осыған сенесің бе?

- Бұлай айтушы болмаңыз, сіз менің әкем болсаңыз да, менің сеніміме күмән келтіре алмайсыз!

- Ұлым, бұл сенің сөздерің, идеяларың және өмірге деген көз-қарасың емес. Сені алдап-арбап қойған. Шын мәнінде, кез келген дін адамдарға мейірімділікпен қарайды, ал біз сенің бөлмеңнен тауып алған кітапшаларда кісі өлтіру және билікті құлату туралы жазылған, бұл дінге емес, көбіне лас саяси ұрандарға ұқсайды. Сен жақында түнде ұйықтап жатып, «Сенбейтіндерге өлім!» деп айқайлай бастадың, бұның өзі – шектен шыққандық.

- Егер сен оны түсінуден бас тартсаң, мені де сенімнен бас тартуға мәжбүрлеудің қажеті жоқ, анам екеуіңіздің бәрін дұрыс түсінбейтіндеріңді білдім, сондықтан мен сіздерге ештеңе айтқым келмеді.

- Сен енді ол жерге бармайсың.

- Сіз мені тоқтата алмайсыз, маған тек сол жерде ғана түсіністік танытып, көмектесе алады. Олармен бірге мен өзіме шынайы күш пен сенім таптым.

- Эх... ұлым. Санжар, анаң екеуіміз сені қатты жақсы көргендіктен, сені осы адамдардың құрсауынан шығару үшін бар күшімізді саламыз. Сондықтан мен полицияға, прокуратураға, әкімдікке, ҰҚК-ға осы ұйымның қызметін тексеруді бастауы үшін арыз жаздым. Сендердің әдетте баратын мекенжайларыңды да көрсеттім, оларды сенің жазбаларың арқылы білдім. Енді мен бұл ұйымның өз жиналыстарын сол жерде өткізуге батылы жететініне күмәнмен қараймын.

- Неге олай жасадыңыз?! – деп мен қатты ашуланып, әкеммен

әрі қарай сөйлесуді жалғастыра алмадым және бөлмеме қарай қашып кеттім. Содан кейін телефонымды дәлізге қалдырғаным есіме түсті, оны алу үшін оралғанымда әкемнің сим-картамды ауыстырып жатқанын байқадым:

- Әке, оған тиіспеңіз! Мен олармен байланысып, ескертуім керек, өзім бармасам да, хабарлап айтуыма рұқсат ет.

- Олар үшін алаңдама, олар ересек адамдар және өздері үшін жауап бере алады. Олар қайда жиналса да, сен оларға ешқашан қайта оралмайсың. Анашың екеуіміз сенің қасымызда болғаныңды қалаймыз. Санжар, жаным менің, ендігәрі олармен байланысуға тырыспа, ол адамдар сені жақсылыққа апармайды, бірақ зиянын тигізеді.

Сол сәтте мен қатты мазасыздандым, өзімді жалғыз қалғандай сезіндім, енді менің бауырларым да, әпкелерім де жоқ, мен олармен интернет арқылы байланысықым келді, бірақ әкем сайттардың бәрін бұғаттап тастапты. Бірнеше күн бойы мен үйден мүлдем шықпадым және ата-анаммен де сөйлеспедім, бірақ достарым маған үнемі қоңырау шалып тұрды, олар менің жаңа нөмірімді білді және мені барлық жағынан қолдауға тырысты. Мен өзімді өз әлемімнен құлап түскендей қажетсіз сезіндім, ал бір аптадан кейін колледжге қайта оралдым. Ол жерде достарым мені сол ұйым туралы ойлардан алшақтату үшін барын салды. Күн сайын мені түрлі концерттерге, кинотеатрлар мен саябақтарға апарды. Біз бірге серуендедік, сөйлестік және олар менің ұмытып үлгерген әдеттегі көңілді күйімді қайтарып, барлық жағынан қолдауға әрекеттенді.

Үйде ата-анам менің мәселелерім туралы байсалдылықпен сөйлесуге тырысты. Олар экстремистік топтарға тартылған кезде жасөспірімдерде болатын көптеген жағдайларды күн сайын ұзақ және шыдамдылықпен түсіндірді. Сонымен қатар әкем ұйым туралы әртүрлі ақпараттарды көрсетіп, олардың қалай еш мақсатсыз сұмдық әрекеттерді жасағанын, адамдарды тонап, жаңа қатысушылардың мүлкін тартып алғанын және барлық мақсаттарды өздерінің ойлап тапқанын түсіндірді. Олардың мені қаншалықты жақсы көретінін және мені әрқашан қолдап, көмектесуге дайын екендіктерін сезіндім.

Секталар мен арбау

Әрине, бірден емес, ақырындап өзіме келдім, өзім тап болған жағдайдың барлық сұмдығын сезіне бастадым. Мені қайта-қайта қалай арбағанын, қандай агрессивті адамға айналғанымды және шыңыраудың шетіне қалай барғанымды ойлай бастадым. Егер мені дер кезінде тоқтатқан ата-анам мен достарым болмаса, қандай жағдайларға ұшырап, «жоғарғы мақсат» үшін тағы қандай сұмдық әрекеттер жасауға мәжбүр болатыным белгісіз еді. Мен енді ғана олардың сөздерінің мағынасыз екендігін түсіне бастадым, бірақ олар мені көшбасшының әрбір сөзіне шын жүректен илануға мәжбүр етті. Ол жақта ешқандай желі де болған жоқ, олардың бәрін заңсыз және жасырын істеді. Енді мен өзімнің ол жерге барып, қаншалықты ақымақ болғанымды түсіндім. Олар адамдарды қатарына алдап-арбап тартады, ал мен ол жерге өз еркіммен бардым, менікі қасқырлар тобына жақсылық пен жамандық туралы айтуға келген қойдың әрекеті сияқты болды. Мен үлкен қателік жасадым және, онымен қоса, колледждегі барлық емтихандарымды тапсыра алмадым. Бірақ



мен бұған ренжімеймін, өйткені ешқашан колледжге қайта оралмай, қалған күндерімді нашар жерлерде өткізуім немесе тіпті өліп кетуім де мүмкін еді.

Артқа қарай отырып, мен өз қатарластарыма, курстастарыма ескерту жасағым келеді, өтініш, өзіңізге және өзгелерге бірдеңе дәлелдеуге тырысып, осындай ақымақтыққа салынбаңыздар. Мен өзім үшін сыйластықты, қолдауды және өзін көрсету мүмкіндігін бейтаныс адамдардан іздеудің қажеті жоқ екенін түсіндім. Менің жанымда әрдайым ата-анам мен жақын достарым бар, олар кез келген істе мені тыңдап, көмек қолын созуға дайын.

Соңғы шара ретінде сізге міндетті түрде көмектесе алатын мамандарға жүгіне аласыз, бірақ бөгде адамдарға ешқашан сенуге болмайды. Мен енді ғана ар-ұжданым бойынша қаншалықты саңырау және соқыр болғанымды түсіндім. Бұл адамдар жанұяммен байланысты үзуге, отбасымнан және достарымнан мені алшақтатуға тырысты. Бұл олардың қолынан келді, сонымен қатар алғашқы кездесудің өзінде ұйымдастырушылар біздің санамызды шатастыру үшін түрлі психотропты заттарды шай мен суға араластырып берді. Сол үшін де олар бәрін сусын ішуге мәжбүр етті, ал бөлменің ауасының қапырық болғаны да жайдан-жай емес еді, әдейі біздің шөлдеуіміз үшін ойластырылған болатын.

Бүгін мен сіздерге барлығын басқаруды мақсат етіп, бас қосқан адамдардың жасайтын айла-шарғысын қалай бастан өткергенімді айтып отырмын. Басымды осыншалықты айналдырып, алдап-арбауы болашақта менің психикам мен денсаулығымға нұқсан келтіретіні сөзсіз еді. Өйткені ең күшті және тұрақты адамдардың өзі психологиялық қысым мен әртүрлі дәрі-дәрмектердің әсеріне ұзақ уақыт бойы қарсы тұра алмайды.

Менің жолым болғанына және жанымнан отбасымның, достарымның табылғанына өте қуаныштымын. Болашақта қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін барынша ақылды боламын және мұндай ұйымдардан алыс жүруге тырысамын.

Психолог жазбалары

Эмоционалды ыңғайсыздық пен әлеуметтік мазасыздықтың пайда болу факторлары бар: макроәлеуметтік (халықтың көпшілігінің құндылықтары), отбасы (отбасылық жағдай – үйдегі атмосфера), тұлғааралық (басқалармен қарым-қатынас), тұлғалық (даралық ерекшеліктер мен сипаттамалар). Осы факторлардың жетіспеушілігі өзара әрекеттесудегі қиындықтардың пайда болуында маңызды рөл атқарады, бұл қиындықтар жақын, қолдаушы тұлғааралық қатынастардың болмауынан, формальды, үстірт байланыстардың басым болуынан, әлеуметтік мүдделердің тарылуы мен эмоционалды қолдаудың төмен деңгейінен көрініс табады. Бұл, өз кезегінде, адамның саналы және бейсаналық түрде де қолда бар барлық көздерден қолдау мен ресурстар іздеуіне алып келеді.

Сонымен, «Неге келгенімді ұмыттым» эпизодында кейіпкер өзіне бұрын артық көрінген нәрсеге қызығушылық танытып, назар аударды. Ал мына жерде көмек пен қолдау ұсынылып, үлкен қайырымдылық жобасы ретінде әртүрлі мәселелерден, нашақорлықтан, маскүнемдіктен, депрессиядан және т.б. құтылуға көмектесетіндігі жөнінде айтылды. Мұндай ауқымды деңгейдегі көмек оның бойында көптеген сұрақтар мен қызығушылық тудырды. Осы ұйымға келгеннен кейін ол өзі үшін жаңа және ерекше жағдайларға тап болды, өзіне деген сенімділікті орнықтырды. Осылайша ол иланған және манипуляцияланған адамға айналды, тіпті ұйымдастырушылардың тәртіпті бақылау үшін пайдаланған қорлау мен ұрып-соғуы және террористік сипаттағы әңгімелер айтуы оның күмәнін тудырмады, ол ұйымға баруды жалғастыра берді.

Туыстары кейіпкердің мінез-құлқындағы және жеке тұлғасындағы өзгерістерді бірден байқамады, тек ол оқуда, от-

басында аз көрініп, стандарттан тыс эмоциялар көрсеткенде, мазасыз кейіпте ұйықтағанда бірақ білді. Эпизодтың кейіпкері өзінің жаңа туыстары, яғни бауырлары мен әпкелері пайда болғанына, ұйым көшбасшылары алдында беделді бола бастағанына сенімді болды. Сондықтан да ол ұйымның белді мүшесіне айналды. Бірақ оның ата-анасы мен жақын достары оны оқшаулап, сол ұйымның ықпалынан алып шықты. Ата-анасының табандылығы, олардың сүйіспеншілігі мен түсінушілігі, достарының араласуы кейіпкерді террористік ұйымның ықпалы мен психологиялық жарақаттан құтқарып қалды.

Кез келген сектаға адамдар емес, олардың әлеуеті қажет екенін білуіңіз керек: олардың бағыныштылығы, қаржысы және адалдығы. Сондықтан секталарды сіздің пікіріңіз, ұстанымыңыз, жеке даралығыңыз қызықтырмайды. Сектаның сөзсіз бағыну керек өз жарғысы бар. Мұндай қысым кез келген тұлғаны сындырады, адамды тәуелді етеді, яғни психологиялық жарақатты тудырады немесе күшейтеді.

Сақ болыңыз, ресми ескертусіз (емтихан тапсыру кезіндегідей) сыртқы әлемнен алшақтатуға жол бермеңіз, әрдайым таныс емес күдікті ғимараттар мен мекемелер жанынан өткенде, қолыңызда телефон болсын. Ең жақсысы, өзіңізге және отбасыңызға қауіп төндірмеу үшін тексерілмеген, таныс емес мекемелерге бармағаныңыз жөн.

Сіздің өмірдің мәні, ата-анаңызбен көзқарас қайшылығы, оқудағы мәселелер және достарыңызбен жанжалдар туралы сұрақтарыңыз осы жасыңызда бұрынғыдан да қатты ойландырады. Өйткені өз-өзіңді анықтау, тәуелсіз болу, өз жолыңызбен жүру сияқты қажеттіліктерді қанағаттандырғыңыз келеді. Әрине, пікірлес адамдардың ортасында болу оңай, бірақ есіңізде болсын, сізге өздеріне көшбасшы деп атау берген топтарда емес, өз жолыңызбен жүру маңыздырық.